

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті жаңындағы «Философиялық ғылымдар» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Исахан Мұхан Баймұратұлының «**622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі**» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензент, PhD докторы Багашаров Кудайберди Сабыржановичтің

## ПІКІРІ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Әлем жүртшылығы ғылым мен технологияның қарыштап дамығанына қарамастан XXI ғасырда беймаза күй кешуде. Бүгінде жер бетінде агрессия, зорлық-зомбылық, экстремизм мен терроризм, қақтығыстардың белсенді түрде өсуі байқалуда. Әр салада қол жеткізген жетістіктер мен дамушылық адамдар арасында толыққанды өзара түсіністікке әкелген жоқ. Сол себепті бүгінгі даму жағдайында ұлтаралық татулық пен конфесиялардың келісім, басқаның көзқарасына, құндылықтарына, мәдениетіне төзімділік идеясы, сұхбат және өзара түсіністік идеясы, өзара келісім мәдениетіне басымдық беріліп отыр. Бұл барлық адамзаттың бір-бірімен бейбіт өмір сұруінің жолдарын іздеу және әлемде тыныштық пен тұрақтылық орнату талпынысынан туындауда.

Бүгінде асқынған терроризм мен экстремизм жағдайында Исламның бейбітсүйіш қалпын, ондағы толеранттылық пен дінаралық татулықта шақыратын негіздерді ашып көрсету, наным-сенім еркіндігін қамтамасыз етудегі рөлін айқындау өзектілік танытуда. Осы түрғыда Ислам тарихындағы «Мәдина келісімі» атты құжатта тұнғыш рет исламдағы дінаралық диалогтың негізі кең түрде қолға алынды.

Диссертациялық жұмыс «Мәдина конституциясы» атауымен белгілі болған 622 жылы Араб түбегінде алғашқы ислам мемлекеттілігінің құрылғандығын айғақтайтын басты діни, саяси, құқықтық құжатты зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысында ислам мемлекеттілігінің құрылуды мен қалыптасуы кезеңіндегі саяси және құқықтық реформалардың негізdemесі ретінде қолданылған бұл құжаттың дайындалуы мен қабылдануы, мәні мен мазмұны, іске асу барысындағы діни-дүниетанымдық, рухани-ағартушылық, әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық факторлар ғылыми түрғыда жан-жақты талқыланып, ислам тарихына және исламдағы мемлекет түсінігіне қатысты жаңаша байламдар жасалынған.

«Мәдина конституциясы» құжатын зерттеу кезінде анықталған басты маңызды мәселелердің бірі – осы конституциялық құжат негізінде әр түрлі діндер мен конфессия өкілдері бірлескен мемлекетті құра отырып, ортақ шаңырақтың астында өзара бейбіт қарым-қатынастарды орнатуға қол жеткізді.

Диссиденттің ғылыми жұмысында Исламға дейінгі кезеңде Араб түбегін мекендердеген субектілердің діни, саяси, әлеуметтік құрылышына ғылыми түрғыда жалпы сипаттама жасаған. Мұсылмандық діни сана мен тәжірибелің қалыптасуындағы негізгі ерекшеліктерді екшелеп, дүниетанымдық өзгерістерді саралаған. Мұсылман қауымы мен пұтқа табынушы араб тайпалары арасында орын алған қарама-қайшылықтың себептерін анықтап, екі тараптың арасындағы құрестерге талдау жасаған. I және II Ақаба келісімдерінің «Мәдина» құжатының қабылдануына әсері және оның ислам мемлекеттілігінің пайда болуындағы орнын анықтаған. «Мәдина келісімінің» әзірленуі, талқылануы және қабылдануы барысындағы субектілердің талаптары мен ұсыныстарына талдау жасап, олардың мұддесі мен саяси ұстанымын айқындаған. Келісімдегі әкімшілік, қылмыстық, азаматтық мәселелер және дінаралық келісімге, сондай-ақ оның діни, саяси, құқықтық мәні мен мазмұнына және құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасаған. Келісімнің іске асу кезеңдеріндегі араб қоғамындағы саяси текетірестер мен халықаралық қатынастарды зерделеп, Мәдина дағы ислам мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіндегі әкімшілік, халықаралық, әлеуметтік, отбасылық, қылмыстық, міндеттемелік құқық саласындағы реформаларға талдау жасаған.

Мұхан Исаханның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға» сәйкес жазылған деп санауга болады.

### **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі.**

Докторанттың ғылыми тақырыбы араб, түрік, еуропалық шығыстанушылар еңбектерінде белгілі дәрежеде зерттелгенімен, Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны жазылған отандық діни әдебиеттерде аталғанмен дінттану, исламтану ғылымында көп зерттелмеген тың сала болып табылады.

Докторант тақырыпты зерттеу нәтижесінде 12 түрлі жаңалыққа қол жеткізген:

1- ғылыми нәтиже. Исламға дейінгі дәүірде Арабия түбегінде бірнеше квази мемлекеттер өмір сүрді – толыққанды дербес елдер (Хира, Хумейр, гассанидтер, киндилер); қала-мемлекеттер немесе белгілі бір қала аумағында орналасқан мемлекеттілік деңгейіне толық көтерілмеген ұжымдық басқару сипатындағы қоғамдық саяси құрылымдар (Мекке, Ясриф, Тайф, Хайбар); шөл және шөлейт аймақтарда мекендердеген әлеуметтік-саяси құрылымдары көшпелі мәдениетке негізделген бәдәуи араб тайпалар. Тәуелсіз қала-мемлекеттер мен бәдәуи араб тайпалардың мемлекеттік құрылымдары әскери-демократиялық сипаттағы саяси жүйелерге негізделді. Бұны салыстырмалы түрде жаңалық деп бағалауға болады.

2- ғылыми нәтиже. Мұхаммедтің пайғамбарлығы, Құран аяттарының түсүі және насиҳатталу фактілері, адамдық таным және сана, логикалық ілім және ғылым түрғысынан түсіндіріп дәлелдеу не жоққа шығару мүмкін емес, бірақ, мойындауға тарихи факті ретінде тіркең, тізібелемеуге де болмайтын

құпиясы әлі ашылмаған объективті өмір шындығы ретінде суреттеледі. Бұны тың жаңалық деп бағалауға болады.

3- ғылыми нәтижесе. Қоғамдық қатынастардың барлық салалары тек келісім жасау негізінде ғана шешілуі тиіс. Адамның дінді (исламды) қабылдауды ол адамның Жаратушымен келісім жасауы деп есептелді. Сондыктан, Жаратушы атымен жасалған кез-келген келісім бұзылmas қасиетті заң, оны бұзуға ешкімнің құқығы жоқ. Бұны тың жаңалық деп бағалауға болады.

4- ғылыми нәтижесе. I Ақаба келісімі діни-рухани және діни-әлеуметтік келісім болса, II Ақаба келісімі мұсылмандардың алғашқы діни-әскери одағының құрылғандығын көрсетті. II Ақаба Мекке және Мәдина мұсылмандарының біріккендігін, бұл одақтың діни-рухани, саяси-әскери көсемі әрі басшысы болып Мұхаммед пайғамбар сайланғандығын және одақ орталығы Мәдина қаласына көшетіндігін, сондыктан пайғамбардың осы қалаға қоныс аударатындығын бекітті. Бұны тың жаңалық деп бағалауға болады.

5- ғылыми нәтижесе. «Мәдина конституциясының» пайда болуы Мәдина қаласы және өңір тұрғындары арасындағы әлеуметтік-саяси одақтың қүшесінде жол салды. Мұхаммед пайғамбардың беделінің артуына қарай ислам мемлекеті алдында ішкі және сыртқы қауіптің алдын-алу мәселелері туындағы. Бұны жаңалық деп бағалауға болады.

6- ғылыми нәтижесе. «Мәдина конституциясының» қабылдануына Мәдина қаласының барлық беделді ру-тайпалары, олардың көсемдері, жақтастары мен қарсыластары қатысқан. Зерттеу нәтижелері бойынша «Мәдина конституциясы» негізінен 47 баптан тұрады деп белгіленген. Бұны жаңалық деп бағалауға болады.

7- ғылыми нәтижесе. «Мәдина конституциясы» құжатындағы мәтіннің бірінші бабында келісімге «хитаб» атауының берілуі және бұл уағдаластық Мәдина қаласын мекендейтін субъектілер арасында жасалғандықтан, құжатты өзінің төл атауымен «Мәдина хитабы» деп атау ұсынылған. Бұны тың жаңалық деп бағалауға болады.

8- ғылыми нәтижесе. «Мәдина конституциясының» қабылдануы және іске асусы аясында пайғамбарлық басқаруға негізделген алғашқы ислам мемлекеттілігі пайда болып қалыптасты және пайғамбарлық басқару мемлекеті 11 жылдай уақыт өмір сүрді деген қорытынды жасалды. Пайғамбарлық мемлекет – пайғамбарлық басқару нысаны толық орныққан, құқықтық жүйесі тікелей Құран аяттары мен пайғамбардың сұннетіне негізделген және пайғамбардың өзі тікелей билік жүргізген ерекше уникальді саяси-құқықтық жүйе және мемлекеттік билік жүргізудің қайталанбас айырықша құбылысы ретінде қарастырылады. «Мәдина конституциясы» тарихта тұңғыш рет реңде ислам дінін, оның пайғамбары деп Мұхаммедті және оның діни, зайырлы билігін ашық мойындаған саяси, құқықтық құжат еді. Бұл құжат конституциялық құқықтық сипатқа ие болды. Бұны салыстырмалы тұрде жаңалық деп бағалауға болады.

9- ғылыми нәтижесе. «Мәдина конституциясы» бойынша алғашқы ислам мемлекетінің құрылымдық жүйесі федерацияға негізделді. Келісімнің 3-11 және 25-35 баптарында әрбір субекті өзінің ішкі мәселерін өз зандары бойынша

шешуіне мүмкіндік алды. Сондай-ақ, әрбір субекті өз аумағының қоғамдық қауіпсіздігі мен тәртібін өздері сақтауға міндетті болды. Бұл пайғамбардың басқаруындағы ислам мемлекеттің құрылымы федеративтік жүйеден тұратынын көрсетеді. Бұны жаңалық деп бағалауға болады.

*10- ғылыми нәтижесе.* «Мәдина конституциясының» іске асуы шартты түрде екі бағытта өрбіген. Бірінші бағыт бойынша ислам дінінің бейбіт түрде уағыздалуы және таралуы. Мұсылмандар әскери күшті ислам қауымына қарсы соғыс ашқан тайпаларға қорғаныс мақсатында пайдаланды. Екінші бағыт бойынша пайғамбар басқаруындағы мемлекетке дүшпандығын ашық білдіріп, агрессияны әскери күшпен танытқан мемлекеттерге алдын-ала әскери жорық жасап, соғысты болдырмау, сөйтіп мемлекетте бейбітшілікті сақтауға бағытталды. Бұны тың жаңалық деп бағалауға болады.

*11- ғылыми нәтижесе.* «Мәдина конституциясы» алғашқы ислам мемлекетінде әкімшілік, халықаралық қатынастар, экономикалық, отбасылық, қылмыстық жаза мен міндеттемелік құқық салаларындағы реформалардың қабылдануына негіз болды; мемлекетте мұсылман шурасы (кеңес) мен қазы (сот) және әкімдерді (амр) сайлау жүйесінің қалыптасуына бастау болды. Бұны тың жаңалық деп бағалауға болады.

*12- ғылыми нәтижесе.* Араб тұбегі саяси тұрғыдан ғана емес, діни тұрғыдан алғанда да біртұтас емес еді. Бұны жаңалық деп бағалауға болады.

Мұхан Исахан зерттеу жүргізу барысында ғылыми зерттеу талаптарын сақтап, тек ғылыми фактілерге сүйеніп тұжырымдар мен қорытындылар жасаған.

### **Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Диссертацияның тұжырымдалған нәтижелері қазіргі таңда Қазақстанның дін саласындағы саясатын дұрыс жолмен жүзеге асырылуына бағдар беруі мүмкін.

Диссертациялық зерттеу жұмыста көтерілген ғылыми мәселелер еліміздегі зайырлылық қағидаттардың терең орнығына, діни ахуалдың реттелуіне, дінаралық ынтымақтың күшеюі үшін өте маңызды әрі өзекті саналады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары зангер, дінтанушы және исламтанушы мамандар үшін тәжірибелік маңызы бар және солардың қызығушылығын туғызатыны сөзсіз. Диссертацияның материалдары жоғарғы оқу орындарының заң, дінтану, исламтану мамандықтарында арнайы өтілетін курстарда және әртүрлі ағым өкілдерімен пікір-талас жүргізгенде қолданылуы мүмкін.

**Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі** және дәйектелу деңгейі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай. Диссидентант әрбір ғылыми нәтижені, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуде осы мәселеге қатысты ғылыми ізденістер жасап, онда тақырыпқа қатысты жарияланған еңбектерге, шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстарына сүйенген. Сонымен қатар ізденуші

негізінен қазіргі әдіснамалық тәсілдерді басшылықта алып, диссертациялық еңбектің әрбір ғылыми нәтижесі негізделуі мен дәйектелуін жоғары дәрежеде көрсете білген. Зерттеу жұмысының негізділігі және дәлелділігі әдіснамалық және теориялық позициялармен анықталады.

### **Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Мұхан Исаханның «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының құрылымы зерттеу тақырыбының жүйесі мен мазмұнын ашуға негізделген. Диссертация бір-бірімен байланысты, бірін-бірі толықтырып тұратын үш бөлімнен, қосымшадан тұрады. Жұмыстың негізгі мазмұны өз жүйелігімен және қойылған талаптарға сай мақсатқа жетуде, міндеттерді шешуде, зерттеу пәні мен нысанын зерделеуде өз қысындылығымен сипатталады. Диссертациялық жұмыста қол жеткізген нәтижелердің өзара бірлестігі мен олардың іштей үйлесімділігі тікелей тақырыпқа сай.

**Диссертациялық жұмыстың мазмұны** концептуалдық тұрғыда тұтасталғандығымен ерекшеленеді. Бөлімдер мен бөлімшелердің арасында логикалық байланыс бар, жүйелілік, бірізділік сақталған. Алынған ғылыми нәтижелердің ішкі байланысы күмән туғызбайды.

Сондықтан ғылыми жұмысты белгілі бір жүйемен орындалған, біртұтас кешенді ғылыми еңбек деп тануға негіз бар.

### **Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда атап өтілген жетістіктері мен табыстарын айта отырып, төмендегідей ескертпелер мен ұсыныстарды атап өткен жөн:

1. Диссертациялық жұмыста техникалық, емделік және грамматикалық қателер кездеседі. Корректорға қарату керек.
2. Кейбір орыс тіліндегі сөздердің қазақшасын беру керек.
3. Сілтемеде толық бір бетті немесе бірнеше беттерді бір кітаптан аударып қойғаны байқалады. Мысалы, 103-бет, 109-110 беттер, 122-124 беттер.
4. "Мәдина конституциясын" отыз бапқа бөлу керек деген ойын аша түсуі керек еді. Бұны ұсыныс ретінде айтпақтыз.

Бұл аталған кемшіліктер мен ескертулер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу дәрежесіне, мазмұндылығына, тұтастай алғандағы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына ешқандай нұқсан келтірмейді.

### **Диссертациялық жұмыстың ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Мұхан Исахан Баймұратұлының «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және

**қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі»** тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі КР БФМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D020600 – Дінтандығы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толығымен лайық деп санаймын.

## **Ресми рецензент –**

Эл-Фараби атындағы

Қазақ Ұлттық университеті

## Дінтану және мәдениеттану

кафедрасының аға оқытушысы,

PhD докторы

К.С. Багашаров

